

2006 жылы Халық спортының оныншы облыстық ойындарын өткізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2005 жылғы 30 желтоқсандағы N 325 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2006 жылғы 13 қаңтарда қыркүйектегі N 1611 тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының 2011 жылғы 17 қазандағы N 01.04-08/2964 хаты)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының 2011.10.17 N 01.04-08/2964 хаты)

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 заңы 27 бабы 1 тармағына 18) тармақшасына, "Дене шынықтыру және спорт туралы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 желтоқсандағы N 490 Заңы 23-1 бабы 2) және 4) тармақшаларына сәйкес, ауылда спорт және дене шынықтыруды дамыту үшін облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2006 жылы Оныншы облыстық халық спорт ойындары (ілгеріде - Ойындар) келесі кесте бойынша өткізілсін:

16-19 ақпан аралығында Шал ақын ауданы Сергеевка қаласында "Север" қысқы спорт мерекесі;

22-25 маусым аралығында Петропавл қаласында "Надежда" облыстық мүгедектер спартакиадасы;

6-9 шілде аралығында Тимирязев ауданы Тимирязев селосында "Ақ бидай" жазғы спорт мерекесі;

3-6 тамыз аралығында Жамбыл ауданы Пресновка селосында Ұлттық спорт түрлерінен облыстық спартакиада.

2. Ойындарға дайындық жүргізу және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Солтүстік Қазақстан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы Ойындарының жарыстарды қолданыстағы регламентке сәйкес өткізуді қамтамасыз етсін.

4. Аудандар әкімі спортшыларды сапалы таңдау мақсатында Ойындар бағдарламасына енген спорт түрлері бойынша аудандық жарыстар өткізсін және облыстық жарыстарға аудан құрама командаларының қатысуын қамтамасыз етсін.

5. Петропавл қаласы, Жамбыл, Тимирязев және Шал ақын аудандарының әкімі Ойындарды өткізу орындарын дайындауды, қатысушыларды, өкімдерді және төрешілерді тамақтандыру мен орналастыруда қамтамасыз етсін.

6. Денсаулық сақтау департаменті Ойындарды өткізу кестесіне сәйкес оларды медициналық қызметінен қамтамасыз етсін.

7. Солтүстік Қазақстан облысының Мәдениет басқармасы Ойындардың салтанатты ашылуы мен жабылуын өткізу бағдарламасын дайындасын.

8. Ішкі істер департаменті ойындар өткізілетін, спортшылар, өкілдер және төрешілер орналасатын орындарда қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз етсін.

9. Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаменті ойындар өткізілетін орындарда санитарлық-гигиеналық бақылауды қамтамасыз етсін.

10. Ішкі саясат департаменті ойындардың өткізілуін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

11. Қаржы департаменті бекітілген күнтізбелік жоспарға сәйкес көзделген жоспарлы ассигнациялар көлемінде Ойындарды дер кезінде қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

12. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Е.Е.Нұрақаевқа жүктелсін.

Облыс әкімі

О б л ы с ә к і м д і г і н і ң

2006 жылғы 30 желтоқсандағы

N 325 қаулысына қосымша

2006 жылғы Халық спортының оныншы облыстық ойындарын дайындау және өткізу жөнінде ұйымдастыру комитетінің құрамы

Н ұ р а қ а е в Ерік Есімұлы	облыс әкімінің орынбасары ұйымдастыру комитетінің төрағасы
Д а й ы р о в Аменгелді Алтайұлы	дене шынықтыру және спорт басқармасының бастығы Төрағаның орынбасары
	Комитет мүшелері:
Ә б і л қ а й ы р о в Армия Әбілқайырұлы	ауыл шаруашылығы департаментінің бастығы
Б и к е н е в Рүстем Төлегенұлы	мәдениет басқармасының бастығы
В о р о н ц о в а Наталья Геннадьевна	денсаулықты сақтау департаментінің бастығы
Е с к е н д і р о в Самат Сапарбекұлы	Жамбыл ауданының әкімі

З і к і р и я н о в Төлеген Қабыкенұлы	Тимирязев ауданының әкімі
Е с е н е в Қайырғали Қапезұлы	мемлекеттік санитарлық-эпидимиологиялық қадағалау департаментінің бастығы
К о л о д а Владимир Алексеевич	Шал ақын ауданының әкімі
Қ ұ б а ш Асылбек Сайлыбекұлы	ішкі саясат департаментінің бастығы
Қ ұ л ж а н о в а Тотықамал Ниязқызы	Петропавл қаласы әкімінің орынбасары
П е р е п е ч и н а Ольга Валентиновна	қаржы департаментінің бастығы
Р ы с к е л д и н о в Сағатбек Бектілеуұлы	экономика департаментінің бастығы
Т о қ с а н б а е в Ысқақ Батайұлы	ішкі істер департаменті бастығының орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК